

ФОНЕТИКА



**Фонетика - гректің «phone» сөзі
«дыбыс» деген мағына береді.**

**Фонетика ғылымы тілдің
дыбыстық жүйесін зерттейді,
яғни дыбыстардың жасалу,
айтылу, естілу және буын, екпін,
интонация мәселелерін
қарастырады.**

Еске түсірейік



Әріп –

Буква

Дыбыс –

Звук

Дауысты –

Гласный

Дауыссыз –

Согласный

Қатаң –

Глухой

Үнді –


Сонорный

Ұяң –

Звонкий



Фонетикалық талдаудың сызбасы



ФОНЕТИКА

Тіл дыбыстарын зерттейді

ДЫБЫС
(Сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтамыз, естиміз.)

1. Дауысты дыбыстар (12) (өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалады)		
1	Тілдің қатысына қарай.	1. Жуан (5): а, о, ұ, ы, у 2. Жіңішке (7): ө, ө, ү, і, е, э, у.
2	Жақтың қатысына қарай.	1. Ашық (6) : а, ә, о, ө, е, э 2. Қысаң (6) : ы, і, и, у, ү, ұ.
3	Ернінің қатысына қарай.	1. Еріндік (5): о, ө, ұ, ү, у, 2. Езулік (7): а, ә, е, э, ы, і, и

2. Дауыссыз дыбыстар (26) (өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады)		
1 2 3	Үн мен салдырдың қатысына қарай.	1 Қатаң (11): к, қ, п, с, т, ф, х, ш, щ, ч, ц (тек салдырдан тұрады)
		2 Ұяң (8): б, в, г, ғ, д, ж, з, һ (үн мен салдырдан тұрады, салдыр басым)
		3 Үнді (7): й, л, м, н, ң, р, у (салдырдан үні басым)

БУЫН
Сөздің айтылуындағы дауыс толқынын буын дейді. Қазақ тілінде буынның үш түрі бар

	1. Ашық буын	2. Тұйық буын	3. Бітеу буын
Мысалы	А-ға, а-на, ә-ке, а-та, ба-ла, қа-ла, ша-на-ны, бо-са-ға	Ат, ет, от, ақ, аз, ант, ерт, арт	Бал, тарс, төрт, таң, кез, қант, бұлт, мек-теп, бал-дай, жыл-дам

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

БУЫН ҮНДЕСТІГІ
Сингормонизм

Сөз ішінде дауысты дыбыстардың үндесуі

*бала - лар
Отан - ды
елші - лер*

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ
Ассимиляция

Сөз ішінде дауыссыз дыбыстардың үндесуі

1. Ілгерінді ықпал
көзқарас - көзғарас

2. Кейінді ықпал
он бес - ом бес

2. Тоғыспалы ықпал
Қазанқап - Қазаңғап

Фонетика

Фонетика – тіл туралы ғылымның бір саласы. Онда дыбыстар, екпін және буын, үндестік заңы қарастырылады.

Қазақ тілінде 42 әріп және 37 дыбыс бар.

Екі белгі бар: ь-айыру белгісі, ь- жіңішкелік белгісі.

Қазақ тілінде төн әріптер 10: ә, і, ң, ғ, ү, ұ, қ, ө, һ, ы.

Дыбыстар(звуки): дауысты, дауыссыз.

Дауысты(гласные)-12 дыбыс: а, ә, о, ө, е, э, ү, ұ, у, ы, и, і

1) Еріндік(5): ү, ұ, у, о, ө; Езулік(7): а, ә, е, ы, і, и, э;

2) Ашық(6): а, ә, о, ө, е, э; Қысаң(6): ү, ұ, у, ы, и, і,;

3) Жуан(5): а, о, ұ, ы, у; Жіңішке(7): ә, ө, ү, і, е, и, у, э;

Дауыссыз (согласные)– 25 дыбыс:

б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, у(тау)

қатаң(11): к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ш, щ, ц

ұяң(8): б, в, г, ғ, д, ж, з, һ,

үнді(7): л, м, н, ң, р, й, у(уақыт)

Буын(слог):

ашық: а-на, қа-ла

тұйық: ат, ақ, ән, ет

бітеу: нан, тіл, қыс

Тасымал - перенос

Екпін(ударение) сөздің соңғы буынға түседі(постоянно падает на последний слог).

Ілгерінді ықпал

терезе - лер
қаз - дар
кітап - тар

ШС - ШШ

<i>Жазылуы</i>	<i>Айтылуы</i>
қаш-са	қашша
аш-са	ашша

ПБ - ПП

<i>Жазылуы</i>	<i>Айтылуы</i>
Жүсіпбек	Жүсіпек

Кейінді ықпал

СШ - ШШ

Басшы -
башшы

Қ,К, П -
Ғ,Г, Б

аяқ+ы = аяғы
доп+ы = добы

ЗЖ - ЖЖ

<i>Жазылуы</i>	<i>Айтылуы</i>
Бозжан	Божжан

Тоғыспалы ықпал

СЖ - ШШ

<i>Жазылуы</i>	<i>Айтылуы</i>
Досжан	Дошшан
тас жол	ташшол

Н-К,Қ/ -
ҢҒ, НҒ

<i>Жазылуы</i>	<i>Айтылуы</i>
Есен келді	Есенгелді
Жиенқұл	Жиенғұл

Дауысты дыбыстар

- Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар.
- Олар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э.

Тілдің қатысына қарай	Жақтың қатысына қарай	Еріннің қатысына қарай
Жуан (5): а, о, ы, ұ, у	Ашық (6): а, ә, о, ө, е, э.	Еріндік (5): о, ө, ү, ұ, у.
Жіңішке (7): ә, ө, ү, і, е, и, э, у.	Қысаң (6): ы, і, и, у, ұ, ү.	Езулік (7): а, ә, е, ы, і, и, э.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Сөйлегенде ауа кедергімен шығатын дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады.

Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстар дауыс қатысына және жасалуына қарай өзара бірнеше топтарға бөлініп, жүйеленеді.

1. Қатаң дауыссыздар: *к, қ, х, п, ф, с, т, ш, щ, ч, ц.*
2. Ұяң дауыссыздар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.*
3. Үнді дауыссыздар: *й, л, р, у, м, н, ң.*

Буын. Буын түрлері

Буын-сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстар тобынан жасалған фонетикалық бөлшек

А-па, мек-те-бі-міз-де т.б.

Ерекшеліктері

1. Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуы тиіс
2. Бір буын ішінде дауысты дыбыс біреуден артық болмау керек
3. Буында мағына болмайды
4. Бірінші буын болмаса, қалған буындар, негізінен, дауыстыдан басталмайды

Буын түрлері

Ашық буын-бір ғана дауысты дыбыстан болатын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталады.

Ә-ке, та-ға-ла-ды т.б.

Тұйық буын-дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталатын буын

Ар, ұк, ұт, ант, өрт, ұлт т.б.

Бітеу буын-дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буын

Бас, бас-тық, бұл-бұл-дар, қант, қарт т.б.

Сөйлеудің ең кіші бөлігі -сөз

Сөз дыбыстардан құралады.

Сөз болмаған жерде дыбыс жүйесі жоқ.

Тіл дыбыстары сөз ішінде айтылады.

Дыбыссыз сөз жоқ.

«Адасқан әріптер» ойыны

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жасаңдар
және сол сөзге дыбыстық талдау жасаңдар

Р, о, б
А, ш, а, ғ
Т, к, е, п, е, м

Қ, ы, а, з, қ
А, л, а, д
І, м, б, л, і





Сұрақтар:

Фонетика нені зерттейді?

Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?

Буын түрлерін атаңыздар.

Ашық дауыстыларды атап беріңіздер.

Қазақ тілінде еріндік дауыстылар
нешеу?

